



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 14 мамыры

KASE биржалық нарықтың 2021 жылы сәуір айындағы жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2021 жылдың сәуір айына жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2021 жылдың сәуір айына 11,3 трлн теңгені құрады, наурыз айымен салыстырғанда 0,02 % немесе 2,1 трлн теңгеге өсті.
- KASE Индексі мәні 54,2 % өсіп, 3 242,81 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 0,5 % өсіп, 21,5 трлн теңгені құрады.
- KASE саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,5 % дейін өсіп, 14,6 трлн теңгені құрады.
- Листингілеу рәсімінен бір эмитент өтті.
- 2021 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 183 эмитенттің 463 мемлекеттік емес бағалы қағаздары тіркелген.
- 2021 жылдың 01 нмамырындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 162 443 астам жеке шоты тіркелді. Ол өткен айға қарағанда 12 263 шотқа және 2021 жылдың басына қарағанда 29 582 шотқа артық.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2021 жылдың 28 сәуірінде KASE бизнес-қауымдастықты және мүдделі бұқараны хабардар ету үшін "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қорымен, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, қор нарығында капитал тарту бойынша онлайн-дөңгелек үстел өткізді .

KASE сәуір айында проводила в рамках проекта "Эмитент күні" жобасы аясында KEGOC" және "Қазақтелеком" АҚ басшылығымен, инвесторларымен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесу өткізді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капитализациясы 0,5 % артып, 21,5 трлн теңгені (50,2 млрд USD) құрады.

Ақпан айының аяғында KASE сауда-саттық тізімінде 121 эмитенттің 137 акциялары орналастырылды, олардың ішінде листингілік емес бағалы қағаздар секторында – бес компанияның төрт атаулы акциялары болды.

Есептік кезеңде KASE ресми тізіміне жаңа эмитенттің "First Heartland Securities" АҚ жай акциялары енгізілді, "Астана-Инвест" Инвестициялық Үйі АҚ жай акциялары "Листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді. Биржаның сауда-саттық тізімінен эмитент

бастамасы бойынша "АЗИЯ АВТО" АҚ, "ҚАЗАҚАЛТЫН" тау-кен металлургиялық концерні" АҚ жай акциялары шығарылды.

Сәуір айында акциялармен сауда-саттық көлемі наурыз айымен салыстырғанда 43,6 % немесе 5,5 млрд теңгеге өсіп, 7,1 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 324,1 млн теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 1 786, бір мәміленің орташа көлемі – 181,4 мың теңге.

Инвесторлардың ішінде акциялармен мәмілелерінің жалпы сауда-саттық көлемі 50,3 % жеке тұлғаларға келді. Брокер-дилерлердің үлесі 10,8 %, өзге институционалдық инвесторлар – 5,2 %, өзге заңды тұлғалар 32,2 %. Бейрезиденттердің қатысуы 0,7 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

Сәуір айының қорытындысы бойынша KASE Индексі 4,2 % дейін немесе 130,49 нүктеден 3 242,81 нүктеге дейін өсті. Сәуір айында KASE индекстік акциялармен мәміле көлемі 5,1 млрд теңгені құрады. Ең үлкен сауда-саттық көлемі "Банк ЦентрКредит" АҚ жай акцияларына – 1,2 млрд теңге (индекстік акциялардың жалпы мәміле көлемінен 23 %).

KASE Индексінің өкілеттік тізіміне кіретін соңғы мәмілелері бойынша акциялар бағасын өзгерту

Эмитент	Код	бағасы, бір акцияға теңгемен			Көлемі, млн теңге		
		01.04.21	01.05.21	Δ, %	наурыз	сәуір	Δ
"Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ	KZAP	10 599,91	12 097,99	+14,1	69	138	69
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	27 040,00	30 000,00	+10,9	100	733	633
"Kcell" АҚ	KCEL	2 398,00	2 541,00	+6,0	1 505	997	-508
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 677,11	1 739,10	+3,7	95	158	63
"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ	HSBK	150,24	153,00	+1,8	1 580	977	-603
КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 117,00	1 129,99	+1,2	295	690	395
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	235,60	232,20	-1,4	649	1 171	522
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	4 940,00	4 500,00	-8,9	756	535	-221

"Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ акциялары есептік айдың қорытындысы бойынша Fitch агенттігінің компанияның несие рейтингін жаңартуы аясында бір данасы 12 097,99 теңгеден бағасы 14,1 % өсті, 2020 жылға дивиденд төлеуге, сондай-ақ атом энергетикасы айналасында қалыптасқан жалпы позитивті конъюнктураға 150,1 млрд теңге жұмсалды.

Fitch Халықаралық рейтинглік агенттігі атом компаниясының рейтингін "BBB-" деңгейінде растады, болжам "Позитивті". Агенттіктің хабарламасында "Казатомпром" ҰАК" АҚ рейтингін растау уранға жоғарғы спот бағалары мен сұранымның арқасында мықты қаржылық жағдайын көрсететіндігін айтады.

02 сәуірде компанияның Директорлар кеңесі 2020 жылға жай акциялар бойынша дивиденд төлеуге 150,1 млрд теңге жұмсау туралы хабарламасын жариялаған, сол кезде 2019 жылғыдай, дивидендке 99 млрд теңге бағытталды. "Казатомпром" ҰАК" АҚ таза табысы 2020 жылдың қорытындысы бойынша 221,4 млрд теңгені құрады. Сонымен, акционерлер ұсынымды мақұлдаған жағдайда дивиденд төлеуге, таза табысының 68 % жұмсалады. Бір жай акцияға 578,67 теңгеден келеді. Компанияның жаңа редакциядағы дивидендтік саясатын бекіту және төлеу туралы шешімі 2021 жылдың 19 мамырындағы акционерлердің жалпы жиналысында бекітілді.

"Қазақтелеком" АҚ акциялары есептік кезеңде 10,9 % дейін өсіп, бір акцияға 30 000 теңгені құрады. Телекоммуникациялық компания акциялары сәуір айының басында компанияның 2020 жылға шоғырландырылған қаржылық есебі бойынша аудиторлық есебі шыққан соң өсе бастады. 2020 жылға таза табыс өсімі түріндегі мықты қаржылық көрсеткіштер 8,3 %, түсім 23,2 % құрады, сондай-ақ 2020 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд төлеу жоспары 2019 жылдың

қорытындысына қарағанда 2,2 есе артық болуы компанияның нарықтық құнының өсімі үшін негізгі драйвері болуы себебінен.

Компания акциялары 23 сәуірде 2019 жылмен салыстырғанда ең жоғарғы деңгейде жабылды, бағасы бір данаға 30 797 теңгені құрады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2020 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесіне бір жай акцияға 63,5 млрд теңге немесе 1 730,88 теңгені құрайтын, шоғырландырылған таза табысының көлемінен 30 % дивиденд төлеу туралы нұсқаулығы туралы жаңалығы жарияланған соң орын алды.

"Кселл" АҚ акциялары да біршама өскендігін көрсетті, бір данаға бағасы 6 % қосып, 2 541 теңгеге дейін өсті. Мобильдік оператор акциялары компанияның несие лимитін ВТБ Банкі (Қазақстан) тарапынан арттыру жөніндегі жаңалығы 2020 жылға дивидендтердің ұсынылған көлемі екі есе өсу тарапынан және 2021 жылдың бірінші тоқсанына мықты қаржылық көрсеткіштерінің аясында байқалады.

Кселл Директорлар кеңесі 13 сәуірде акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2020 жылдың қорытындысы бойынша 17,6 млрд теңгені, яғни шоғырландырылған таза табысының 100 % құрайтын дивиденд төлеуге нұсқау берді. Бір жай акцияға немесе жахандық депозитарлық жазылымға (GDR) 87,89 теңгеден келеді. 2019 жылы компания 9 млрд теңге көлемінде дивиденд төледі. Сонымен, 2020 жылы төлем 2 есе артуы мүмкін. Бұрын хабарлағандай, 2021 жылдың 09 сәуірінде оператор акционерлері кезектен тыс жалпы жиналысында Лондон қор биржасында және "Астана" (AIX) Халықаралық қаржы орталығы биржасында GDR делистингін мақұлдады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі сәуір айында 0,5 % өсіп немесе 69,8 млрд теңгеден, 14,6 трлн (34,1 млрд USD) теңгеге жетті.

Сәуір айының аяғында KASE ресми тізімінде 67 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 269 шығарылымы болды. Есептік кезеңде KASE ресми тізіміне екі эмитенттің екі шығарылымы енгізілді: "Қазақстан Даму Банкі" АҚ және "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ.

Есептік кезеңде KASE ресми тізімінен айналым мерзімі өтуіне байланысты корпоративтік облигациялардың төрт шығарылымы тізімнен шығарылды: "First Heartland Jusan Bank" АҚ үш шығарылымы және "AgroFinance" ЖШС шығарылымы.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні жыл басынан бері 2 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,64 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі наурыз айына қарағанда 104,1 % немесе 75,8 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 3,4 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,9 млрд теңге) құрады, орташа күндік мәміле көлемі – 26 (қайталама нарықта – 21 мәміле), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 133 млн теңге (қайталама нарықта – 92,3 млн теңге).

Барлығы Қазақстан қор биржасында төрт эмитенттің алты облигациялық шығарылымы жалпы сомасы 34,2 млрд теңгеге орналастырылды, ол наурыздағы көрсеткіштен 78,6 % немесе 125,4 11,7 млрд теңгеге төмен:

- "Қазақстан тұрғын үй қоры" АҚ кірістілігі жылдық 0,1 % және өтеу мерзімі 30 жылға дейін облигацияларын орналастыра отырып, 1,3 млрд теңге тартты;
- "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ облигациялар шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,0 % орналастыра отырып, 14,1 млрд теңге тартты, өтеу мерзімі 5,2 жыл;
- "Лизинг Групп" АҚ облигациялар шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 13,50 % орналастыра отырып, 1,4 млрд теңге тартты, өтеу мерзімі 250 күн;
- "Fincraft Group" ЖШС облигацияларын кірістілігі жылдық 13,50 % орналастыра отырып, 15,0 млрд теңге тартты, өтеу мерзімі 8,4 жыл;
- "ТехноЛизинг" ЖШС өтеу кірістілігі жылдық 17,00 % орналастыра отырып, 2,4 млрд теңге тартты, өтеу мерзімі 4 жыл.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 29,3 %, брокер-дилерлік ұйымдардың үлесі – 1,4 %, басқа

институционалдық инвесторлар – 23 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 34,9 %, жеке тұлғалар - 11,5 % болды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі есептік кезеңде көрсеткіштен 2 есе өсіп немесе 1,3 млрд теңгеден 41,6 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 18,5%, брокер-дилерлердің үлесі – 15,5 %, басқа институционалдық инвесторлар – 30,2%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 34,3 %, жеке тұлғалар -1,4 % болды Резидент еместердің қатысу үлесі 21,8 % бағаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы жыл басынан бері 0,6 % немесе 100,2 млрд теңгеге өсіп, 17,8 % трлн теңгені (41,5 млрд USD) құрады.

МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі ақпан айында 6,3% немесе 265,6 млрд теңгеге төмендеді. Орташа сараланған сауда-саттық көлемі - 12,1 млрд теңге (қайталама нарықта – 7,3 млрд теңге), орташа күндік мәміле саны – 8 (қайталама нарықта – 5 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 1,47 млрд теңге (қайталама нарықта – 1,55 млн теңге)..

МБҚ алғашқы нарық көлемі 106,1 млрд теңгені құрады, ол наурыз айының көрсеткішінен 50,1 % немесе 106,4 млрд теңгені құрады. Өтеу кірістілігі жылдық 9,4–10,6 % Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерінің алты шығарылымын орналастыруға 92,4 % немесе 98 млрд теңгеден келді. Қалған 8,1 млрд теңгені Шымкент қаласының әкімдігі (жылдық 10,8 % - 4,4 млрд теңге) және Алматы облысының әкімдігі (жылдық 4,25% - 3,7 млрд теңге) тартты.

Алғашқы нарықта инвесторлардың негізгі санаты аясында ЕДБ үлесіне 52,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 1,5 %, өзге институционалдық инвесторларға – 17,7 %, өзге заңды тұлғаларға - 27,2 %. Бейрезиденттердің қатысуы 8,5 % бағаланды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2 есе немесе 88,6 млрд теңгеге өсіп, 159,5 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы МЕКАМ мәміле көлемі қайталама нарықтағы сауда - саттықтың жалпы айналымынан 71,5 % немесе 114 млрд теңгені құрады. Ұлттық Банктің ноттарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлеміне қарағанда 27,5 % немесе 43,8 млрд теңге. Қалған 1 % (1,7 млрд теңге), негізгі көлемі Қазақстан Республикасының еурооблигацияларымен және шет елдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелерге келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесіне 81,2 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 2 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 6%, өзге заңды тұлғалардың үлесіне - 10,5 %, жеке тұлғалардың үлесіне - 0,3 %. Бейрезиденттердің қатысуы 0,5 % бағаланады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 35 шығарылымы болды: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) және Азиялық даму банкі.

Есептік кезеңде ХҚЕ жаңа қағаздары қосылған жоқ.

Сәуір айында қайталама нарықта Еуразия даму банкі бағалы қағаздарымен 15,6 мың теңгеге екі мәміле жасалды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҮЛДАРЫ

01 мамырда Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында есептік кезеңнің соңында алты компанияның басқаруымен 13 құралдары орналастырылды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 2,6 млрд теңге және наурызға қарағанда 59,6 % немесе 2,6 млрд теңгені құрады.

көлемі, млн KZT

Мәміле саны, дана

Құралдар	наурыз	сәуір	наурыз	сәуір
CSECFe	101,1	187,8	14	18
CSECgm	31,3	135,5	7	16
FFIN_or	40,1	70,2	35	75
FHJlag	6,8	12,3	7	11
FHJlds	0,7	2,3	32	66
FHJlhm	0,3	44,0	18	71
FHJllq	6,4	4,5	4	2
FHJlpc	53,0	42,1	7	5
IE_FXBF	19,7	19,7	225	430
RU_UKFFipo	3 948,3	1 935,3	1 379	833
US_BIL_	75,0	67,8	12	4
US_SPY_	16,4	40,3	78	130
Жалпы қорытындысы	4 299,1	2 561,8	1818	1661

Инвесторлардың негізгі санатында 47,7 % жеке тұлғаларға келді, 38,2 % – брокерлік-дилерлік ұйымдар және өзге заңды тұлғаларға – 14,1 %.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2021 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 162 443 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш өткен айға қарағанда 12 263 шотқа, ал 2021 жылға қарағанда 29 582 шотқа артты.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2021 жылдың сәуір айында Қазақстан қор биржасында шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 27 KASE мүшесі қатысты.

Шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 1,3 трлн теңгеге жетті, ол наурыз айының сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,9% немесе 167,3 млрд теңге. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі сәуір айында 58,5 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік көлемі – 384, бір мәміленің орташа көлемі – 152,4 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық айырбаст. мин. және макс. бағамдары	бірл. валют. макс.	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	2 920,09 (+13,0 %)	57,3 % (+12,8 %)	8 011 (+968)	426,84 – 433,58		429,02 (+0,5 %)
RUB/KZT	1 945,50 (-36,5 %)	38,2 % (-14,7 %)	292 (+66)	5,5743 – 5,7500		5,7400 (+1,9%)
CNY/KZT	218,18 (+57,5 %)	4,3 % (+1,9 %)	128 (+2)	64,9025 – 66,6750		66,3329 (+2,2 %)
EUR/KZT	11,78 (-10,9%)	0,2 % (0,0 %)	20 (+1)	515,14 – 518,76		518,76 (+0,5%)

АҚША НАРЫҒЫ

Нарықтағы сауда-саттық көлемі 9,7 трлн теңгені құрады, өткен аймен салыстырғанда 0,05 % немесе 4,8 трлн теңгені құрады.

Валюталық своп операциялары бойынша USD/KZT және МБҚ автоматты репо операцияларымен кірістілік мәні мәмілелер арқылы орташа сараланған мәнін көрсететін, бір жұмыс күніне ашылған, ақша нарығының MM Index Композитті индикаторы жылдық 91 б.н. ашылып, жылдық 9,28 % - 8,37 % дейін төмендеді.

Репо операцияларының нарығы

2021 жылдың сәуір айында осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 8 930,5 млрд теңгені құрады, ол өткен айдың көлеміне қарағанда 39,4 млрд теңге немесе 0,4 % артық. Орташа күндік операциялар 405,9 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер – 484, бір мәміленің орташа көлемі – 0,8 млрд теңге.

Репо операцияларының біршама көлемін 5 799,5 млрд теңге МБҚ авторепо операциялары құрады немесе репо операцияларының жалпы көлемінен 64,9 %, МБҚ-мен авторепо – 10,8 трлн теңге немесе 0,1%. 2021 жылдың сәуір айында МБҚ тікелей репо операциялары өткізілген жоқ.

Сәуір айының аяғына қарай TONIA индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен жасалған бір жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 92 б.н төмендеп, жылдық 9,3 %-дан 8,38 %-ға дейін төмендеді.

TRION индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен Орталық контрагент қызметін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 97 б.н. өсіп, жылдық 9,34 %-дан 8,37 %-ға дейін төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен Орталық контрагент қызметін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 16 б.н. төмендеп, 2021 жылдың сәуір айында жылдық 8,9 %-дан 8,74 %-ға дейін төмендеді.

Сәуір айында TONIA, TRION және TWINA репо операциялары индикаторларының құбылмалылығы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі дәлізі аясында құбылып тұрды, ал әрі қарай айдың соңына қарай, салық аптасының басталуына байланысты, төмендеген трендпен арта бастады.

Валюталық своп операциялары

2021 жылдың сәуір айының аяғына қарай валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 737,1 млрд теңгеге немесе 44,12 млрд теңгеге, наурыз айында 6,4 % өсті. Сәуір айында операцияларының орташа күндік көлемі 33,5 млрд теңгені, мәміленің орташа күндік саны – 10, бір мәміленің орташа көлемі - 3,4 млрд теңгені құрады.

Сәуір айында валюталық своп операциялары көлемі теңге-АҚШ доллары жұбымен жүргізілді. Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 39,9 % бір күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT_0_001) бір апталық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 53,1 % (USDKZT_0_002), бір айлық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 7 % (USDKZT_01M).

Сәуір айының аяғында бір күндік долларлық своп индикаторы SWAP-1D (USD) 44 б.н. азайып, жылдық 8,52 % -дан 8,08 % құрады. Екі күндік валюталық своп кірістілігі SWAP-2D (USD) 19 б.н. азайып, жылдық 8,39 % -дан 8,2 %-ға дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Наурыз айының басында деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициясы болған жоқ, ақпан айында операциялар болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.